

МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Кұрметті достар, кітапхана – білім құнары мен парасаттылықтың, асыл қазына маржанын бір жерге жинақтаған бай ғаламат орда.

Кітапхананың өнер туралы бөлімінің тарихы да, кітап қоры да жылдан - жылға өсіп, қордың құндылығы арта түсуде. Бөлім қоры жаңа оқулықтармен жыл сайын толықтырылып тұрады. Ел тұғыры сол таланттарымен, біртуар тұлғаларымен берік, биік. Өткеннің өнегесін ұдайы назарда ұстап, есте сақтап отырмасаң, жадыңызға түйіп, жаңғыртып жүрмесеніз келешектің сізге тас лақтыруы да ғажап емес. Сол себепті, кешегі оғандар мен бүгінгі бағландар арасындағы ата-бабадан жалғасып, ғасырдан ғасырға кеткен үздік үрдістің алтын жібін үзіп алмай келешекке табыстау ат үстінде жүрген қайсыбір көкірегі ояу, көзі ашық азаматтардың қастерлі міндеті.

Ел үшін, жер үшін, оның нұрлы болашағы үшін керек тарихтың кеше де, бүгін де өз жүйесін тауып жазыла беруі хақ. Соның ішінде ең бір көшелі тарих - ән тарихы. Сол бір ән көшінің жуан ортасынан ойып орын алған оғланның бірі әрі бірегейі де - Шәмші Қалдаяқов болатын.



- Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін еліміздің әнұраны етуіміз керек шығар, сірә. Әйтпесе болмас... Біз әнұран етіп басқа әнді бекітеміз, ал халқымыз мүмкін болған жердің бәрінде осы «Менің Қазақстанымды» шырқайды. Халықтың қалауы осы екен, ендеше, неге осы әннің өзін әнұран етіп бекітпейміз?! – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтің бұл сөздері Махмұт Қасымбековтің «Президент таңдаған әнұран» мақаласынан алынды.

[Қасымбеков, М. Президент таңдаған Әнұран / М. Қасымбеков // Егемен Қазақстан. - 2007. - 6 шілде. - 1, 3 б.]

Халқымыз «Тәлім сөз – тәрбие құралы» деп бекер айтпаған. Сондықтан біздің бөлімге жаңадан келген бұл екі сазды ашық хаттың (открытканың) біреуі **Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранының** сөзі: Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі, әні Шәмші Қалдаяқовтікі, екіншісі «Елім менің» әні, сөзі Нұрсұлтан Назарбаевтікі, әні Бекболат Тілеухандікі. Биыл тойланатын **Тәуелсіздігіміздің 20-жылдық** мерекесіне байланысты өткізілетін шараларға барша қауым, қалың оқырман үшін пайдалы да қажетті көмекші құрал болатынына кәміл сенімдіміз.

Өнер сүйер қауым, өнер ордаларының қызметкерлері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары жоғарыда айтылған ашық хаттармен (открыткалармен) тереңірек таңысқылары келсе, біздің кітапхананың өнер туралы әдебиеттер бөліміне келулеріңізге болады, біздің есігіміз оқырмандарға әрқашан ашық.

